

## № 5 дәріс

### **Еңбек туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік. Қызметкерлерді қауіпсіз еңбек тәсілдеріне оқыту.**

Еңбекті қорғау заңдарын, ұжымдық келісім шарттарын бұзғаны үшін немесе кәсіподақтар ісіне кедергі келтіргені үшін лауазымды адамдар, мемлекеттік, республикалық заңдылықтар қоятын тәртіп бойынша келесі жауапкершіліктерге тартылады:

- *тәртіптік жауапкершілікке*, лауазымды адамдардың кінәсінен жетекшілік ететін, әкімшілік техникалық және әкімшілік-шаруашылық жұмысшыларының қатарына жіберілетін еңбекті қорғау мөлшерлері мен ережелері бұзылып, бірақ нәтижесі ауыр жағдайға соқтырмаған кезде тартылады. Тәртіптік жауапкершілікке шақыру, кінәлі адамды тәртіпке шақыру іс-шараларын жариялау ретінде іске асады.

- *әкімшілік жауапкершілік*, кінәлі лауазымды адамға еңбекті қорғау заңын бұзғаны үшін ақшалай штраф қолдану арқылы іске асады.

- *қылмыстық жауапкершілікке* тарту, еңбекті қорғау ережелерін бұзудың салдарынан адамдар жазатайым жағдайға ұшырағанда немесе ауыр зардаптарға соқтыруы мүмкін болған жағдайда қолданылады. Бұл жауапкершілік лауазымды адамға қызмет жағдайына байланысты немесе арнайы сол бөлімге, цехқа қауіпсіз және қалыпты жұмыс жағдайын қамтамасыз ету қызметі жүктелген жағдайда ғана қолданылады.

- *материалдық жауапкершілік*, кінәлі лауазымды адамдарға еңбекті қорғау ережелерін бұзғаны үшін, егер осының арқасында бірлестік, ұйым жазатайым жағдайға ұшыраған жұмысшыға бірқатар ақшалай жәрдем төлейтіндей болған жағдайда қолданылады. Бұл ақшалай жәрдем біршама немесе толық кінәлі лауазымды адамнан өндіріліп алынады.

Еңбекті қорғау ережелерін бұзу ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке байланысты төмендегі айыппұлдарды қарастырады:

- жұмыс берушінің немесе лауазымды тұлғаның аварияға әкеп соқтырмайтын еңбек қорғау заңнамасын немесе еңбекті қорғау ережелерін бұзуы оннан жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады;

- осы ережелерді сақтауға жауапты лауазымды адам қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария немесе еңбекті қорғаудың басқа ережелерін бұзу, егер бұл абайсызда, адамның денсаулығына жеңіл дене жаракаты түрінде зиян келтірсе немесе біле тұра қауіп төндірсе өмірі мен денсаулығы - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

- заңды тұлғаның еңбек заңнамасын, еңбекті қорғау туралы заңнаманы немесе еңбекті қорғау ережелерін бұзуы заңды тұлғаларға ең төменгі есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сонымен бірге, мұндай бұзушылықтарды ӘҚБтК-нің 550-бабына сәйкес қарау әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын мемлекеттік еңбек

инспекциясы органдарының құзыретіне жатады. Істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы:

- облыстар, қалалар мен аудандар бойынша мемлекеттік еңбек инспекторлары - азаматтарға онға дейін, лауазымды адамдарға - ең төменгі есептелген көрсеткіштің жиырма бес еселенген мөлшеріне дейін;

- облыстар мен Астана және Алматы қалаларындағы бас мемлекеттік еңбек инспекторлары - азаматтарға он беске дейін, лауазымды адамдарға - қырыққа дейін, заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үш жүз елу еселенген мөлшеріне дейін айыппұл;

- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бас мемлекеттік еңбек инспекторлары - азаматтарға он беске дейін, лауазымды адамдарға - қырыққа дейін, заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз еселенген мөлшерінде айыппұл;

- Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік еңбек инспекторы - азаматтарға жиырма беске дейін, лауазымды адамдарға - елуге дейін, заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшеріне дейін айыппұл.

Ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасының «Еңбекті қорғау ережелерін бұзу» Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыстық іс қозғауға болады, ол мыналарды қарастырады:

- қауіпсіздік ережелерін, өндірістік санитарияны немесе еңбекті қорғаудың басқа ережелерін бұзу, осы ережелерді сақтауды ұйымдастыруға немесе қамтамасыз етуге жауапты адам жасаған, абайсызда денсаулығына ауыр немесе орташа ауыр зиян келтірген, айыппұл салуға айыппұлмен жазаланады. айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшері немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі жалақысы немесе басқа кірісі мөлшерінде немесе екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстары немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру үш жылға дейін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығына;

- адамның өліміне әкеп соққан дәл сол іс-әрекет белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. жылдар.

Егер тараптар мемлекеттік еңбек инспекторының шешімімен келіспесе, онда олардың іс-әрекеттеріне бағыну тәртібімен немесе сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін, ал шағым берілген актілердің орындалуын тоқтата тұрмайды.

Мемлекеттік еңбек инспекторына өзінің құзыретіне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін, тексеруді болдырмауға, жұмыс берушінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша қызметі туралы қажетті құжаттар мен ақпараттарды ұсынудан бас тарту кезінде көрініс табады.

Жарақаттану мен кәсіби науқастанудың алдын алу жөніндегі шаралардың негізгілерінің бірі – жұмыс істеушілерді еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқыту.

Жұмысшыларға еңбек қауіпсіздігі бойынша оқытуды ұйымдастырудың жалпы ережелері «Жұмысшыларға еңбек қауіпсіздігі бойынша оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер» МЕСТ 12.0.004 ЕҚСЖ-да көрсетілген.

Ережеде өндіріс қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне қарамастан халық шаруашылығының барлық кәсіпорындары мен ұйымдарында:

- жаңа жұмысшыларды (жұмысқа қайта қабылданған, мамандығы жоқ немесе мамандығын өзгерткен) дайындау;
- нұсқаулардың әрбір түрлерін жүргізу;
- біліктілікті жетілдіру кезінде еңбек қауіпсіздігіне оқыту қарастырылған.

Инженер-техникалық жұмысшылар, негізгі және қосымша цех жұмысшылары жұмысқа кірісер алдында және кейін де жұмыс стажы, дәрежесіне қарамай келесі нұсқаулардан өтіп отырады:

1. *Кіріспе нұсқауы.* Қауіпсіздік инженері жұмысқа қабылданушылармен, сол саладағы жұмыс стажына қарамай командировкаға келуші мен студент-практиканттармен арнайы жасақталған кабинетте жүргізеді. Нұсқау еңбек қорғаудың стандарт жүйесінің талаптарына сәйкес және сол өндірістің басшысы өндіріс ерекшелігіне сәйкес толықтырып отырады.

2. *Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқау.* Студент-практикант немесе жұмысшылардың жаңа жұмыс бастағанда не бір цехтан екінші цехқа жұмыс орнын ауыстырғанда өтеді. Әрбір жұмысшы бұл нұсқау түрін жеке алуы қажет. Нұсқау алғаннан кейін 4-5 аптада мастердің не өндіріс бөлген адамның бақылауымен үйреніп, қалаптастырып кеткенше жұмыс жасайды және нұсқау алған күні журналға жазып отырады.

3. *Қайталама нұсқауы.* Оқу дәрежесі, стажы, квалификациясына қарамай 6 ай сайын еңбек қорғаудың жұмыс орнындағы нұсқауы бағдарламасы бойынша жасалатын инструкция мен ережелер туралы білімін көтеру және тексеру мақсатымен барлық жұмысшылар өтіп отырады. Нұсқау жеке немесе мамандықтары ұқсас жұмысшы тобымен жүргізіледі.

4. *Жоспардан тыс нұсқау* келесідей жағдайларда жүргізіледі: еңбекті қорғау бойынша ережелердің өзгеруіне байланысты; технологиялық процесс жаңарып жетілдірілгенде еңбекті қорғауға әсер ететін заттармен, құралдармен, шикізатпен және т.б. факторлармен алмастырғанда; жұмысшылар аварияға, қопарылыс, өртке әкеліп соққан қауіпсіздік ережелерін бұзғанда; өндіріс процесіне 30-60 күн үзіліс түскенде. Бұл нұсқау жеке не топтарға арналып кіріспе нұсқауы көлемінде жүргізіледі.

5. *Мақсатты нұсқау* – мамандық бойынша міндеттермен тікелей байланысты емес біржолғы жұмыстарды (жүк арту, түсіру, аумақты жинау, ұйымнан, цехтан және учаскеден тыс біржолғы жұмыстар) орындаған кезде жүргізіледі.

Жұмысшылар наряд жабар кезде алады және ол туралы журналға белгі соғады. Нұсқау жүргізуші адам нұсқау бойынша алған білімдерін тексереді.

Білімін көрсете алмаған адам жұмысқа жіберілмейді, ол қайта өтуге міндетті. Инженер-техниктер арнаулы курстарда білімін жетілдіріп отырады, оған өнеркәсіп басшысы тікелей жауапты.

Өнеркәсіп орындарында жұмыскерлерді еңбекті қорғау бойынша оқытуды ұйымдастыру және білімдерін тексеру жауапкершілігі өндірістің бастығына жүктеледі.

Жұмысшы мамандықтар бойынша қызметкерлерді оқыту және білімін тексеру жылына 1 рет жүзеге асырылады. Жұмысшы мамандықтар бойынша қызметкерлерді оқыту еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін тексерумен (емтиханмен) аяқталады. Білім тексеру нәтижесі хаттамамен ресімделеді

Жұмыстың, лауазымның, мамандықтың түрі бойынша жұмыста 3 немесе одан да көп, ал қауіптілігі аса жоғары жұмыста - 1 жылдан артық уақыт үзілісі бар жұмысшылар өздік жұмыс басталғанға дейін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан өтуге тиіс. Емтихан комиссиясының құрамы 3 адамнан кем болмайды, яғни Комиссия төраға, хатшы және комиссия мүшелерінен тұрады.